

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ –түрік университеті
Шымкент кампусы
Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру факультеті
Жалпы дәрігерлік практика №2 кафедрасы мәжілісінің
№ 8 хаттамасынан көшірме

28.03.2024ж.

Қатысқандар: кафедра меңгерушісі А.М.Дауреханов,

Күн тәртібі:

1.

Жауапты: оқытушы Г.У. Жолдыбаева

Наурыз айының 28 жұлдызында кафедраның меңгерушісі А.М.Даурехановтың бастамасымен және профессор-оқытушылар құрамының қолдауымен факультеттің Быковский көшесі-54 орналасқан жатақханасында тұратын білімгерлерге ауызашар берілді.

Кафедраның атынан үлкен қазанмен палау дайындалды, дастарқан жайылды. Жатақханада тұратын білімгерлердің барлығының бөлмелеріне палау таратылды.

Кафедра меңгерушісі А.М.Дауреханов сөз алды: Баршаларыңызды қасиетті Рамазан айымен құттықтаймын. Бүгін кафедра оқытушылары жатақханада тұрып жатқан сіздерге ауызашар берейік деп ұйғардық. Ауызашар беру – сауапты іс. Әртүрлі себептермен ағайын-туысқа, көрші-көлемге, жақын-жуыққа дос-жаранға т.б. жанымызға жақын жандарға дастарқан жайып, түрлі ас ұсыну – қазақ халқының қанына сіңген мұсылмандық ізгі қасиет.

"Өле жегенше, бөле же" деген мақал қолыңда барыңмен өзгемен бөліс дегенді білдіреді. Көп жағдайда ол ас, тағамға қатысты айтылады. Тіпті қуанышыңмен де бөлісу керек дегенді білдіреді деп ойлаймын. Мақалдың мағынасы қуанышың болсын, қолыңда қандай зат болсын өзгемен бөлісу керек екенін білдіреді. Сондықтан да біз ұжым болып сіздермен бірге ауыз ашайық деп жиналып отырмыз - деді А.М. Дауреханов.



Оқытушы Ботаева Қ.М сөз алып білімгерлерді Рамазан айымен құттықтады. Ол өз сөзінде қазіргі медициналық ізденістердің нәтижесінде ораза тұрғысында үш нәрсені айтуға болатынына тоқталды:

1. Ораза – ішіп-жеуден тоқталатын жәй ғана діни жоралғы ғана емес сондай-ақ, оның адам денсаулығына зор пайдасы бар екені қазіргі таңда дәлелденіп отыр;
2. Ораза – адам толыққанды өмір сүру қалпын ұстап тұруы үшін маңызды процесс;
3. Ораза – адамға тамақ жеу, тыныс алу, ұйқы, іс-қимыл сияқты адам организміне өмірлік маңызы бар құбылыстардың бірі болып табылады. Егер адам ұзақ мерзімге ұйқыдан не тамақ жеуден тыйылса денсаулығына зақым келіп, дертке шалдығатыны секілді адам ораза ұстамаса ағзаларына зиян келетіні анықталып отыр.

Оқытушы А.Түлемірзаева: Қазір әлемнің бірқатар елінде қант диабетіне шалдыққандарды ораза тұту арқылы емдеу тәжірибесі бар. Мұндай емдеу шарасы кезінде пациент ауыз бекітеді де, ауызашарға жеңіл тамақтар жейді. Бұл химиялық дәрі-дәрмектерді қолданбай, қант ауруын емдеуде өте ұтымды жол екенін медицина дәлелдеп үлгерді. Егер ораза ұстаған адам ауыз ашқаннан кейін тамақ мөлшеріне шектеу қойып, дұрыс режимді ұстанып жүрсе, артық салмақтан арыла алады. Адам ұзақ уақыт аш жүріп, ауыз ашқан кезде бірден тамақ пен сусынға тойып алмағаны жөн. Себебі бұл керісінше, салмақтың артуына әкеліп соғады.





Шешім: Назарға алынсын. Кафедраның тәрбие жұмысы жоспарға сәйкес жалғастырылсын.

Кафедра меңгерушісі, м.ғ.д.
Тәрбие жұмысына жауапты, оқытушы

А.М.Дауреханов
Г.У.Жолдыбаева